

**1. Әрі жінішке, әрі ашық дауысты дыбысты табыңыз.**

- A) Ы.
- B) Ө.
- C) О.
- D) Ү.
- E) И.

**2. Буынға дұрыс бөлінген сөзді анықтаңыз.**

- A) Бұ-лт-тыл-ық.
- B) Бұл-тты-лық.
- C) Бұлт-ты-лық.
- D) Бұ-лтты-лық
- E) Бұ-лт-ты-лық.

**3. Қос сөзді табыңыз.**

- A) Алатау, аз күн жаттым аунап-қунап.
- B) - Балам-ау, қашан келесің.
- C) Күннің суығын-ай!
- D) Ол тез ақ жетем деп дәмеленген еді.
- E) АлМУ- дың студенттері жиналды.

**4. Қысқарған сөзді анықтаңыз.**

- A) Шұбар тай.
- B) Қап-қара.
- C) Ұжымшар.
- D) Бұлаққа.
- E) Шаңтимес.

**5. Күрделі сан есімді анықтаңыз.**

- A) Үш-төрт күн соққан құм дауыл елдің есін шығарды.
- B) Боз жиренді мінген малшы бала мың қойды бағып жүр.
- C) Боз жиренді мінген малшы бала мың қойды бағып жүр.
- D) Бес оқушы бірге серуенге шықты.
- E) Олар - төртеу, бұлар - екеу, алты атты бір-біріне ат басын тіреді.

**6. Стиль түрін ажыратыңыз.**

**Қиғаштай түскен күн сәулесінің жарығы ұяң, тым қара күнгірт те емес, тым шаңырайған ашық та емес.**

- A) Көркем әдебиет стилі.

- В) Ресми стиль.
- С) Публицистикалық стиль.
- Д) Ауызекі сөйлеу стилі.
- Е) Ғылыми стиль.

**7. Синонимдер қатарын белгілеңіз.**

- А) Епті, орашолақ.
- В) Жағымды, сүйкімсіз.
- С) Баяғы, ежелгі.
- Д) Әдепті, олақ.
- Е) Жайдары, мұңлы.

**8. Мақалдың жалғсын табыңыз. "Өнер - ағып жатқан бұлақ, ... "**

- А) Ғылым - жанып тұрған шырақ.
- В) Білім тоқығандікі.
- С) Бала - жағасындағы құрақ.
- Д) Ғылым - теңіз.
- Е) Білім - қайық.

**9. Есім сөзден жасалған туынды зат есімі бар сөйлемді белгілеңіз.**

- А) Білімнен қымбат нәрсе жоқ.
- В) Адам қуаныш үстінде қайғырып, қайғы үстінде қуана алмайды.
- С) Байлық - қанағат пен еңбекте.
- Д) Оқу - білім қазығы.
- Е) Байсал қартқа тек немересі жұбаныш болды.

**10. Салыстырмалы шырайды табыңыз.**

- А) Сап-сары.
- В) Бозаң.
- С) Өнімді.
- Д) Тым баяу.
- Е) Өте жарық.

**11. Зат есімнің орнында тұрған есімдікті көрсетіңіз.**

- А) Барлық адам.
- В) Сол жақта.
- С) Бірнеше сабақ.
- Д) Сені жіберді.
- Е) Әлдеқашан шықты.

**12. Жедел өткен шақты табыңыз.**

- А) Түрлі шөптерден дәрі жасай алған.

- В) Таңғы нұрдан бүкіл тіршілік ояна бастайды.
- С) Тапқыр жауаптар айтылған-ды.
- Д) Қадыр талай қызықты мәліметтер, дәлелдер келтіреді.
- Е) Жап-жасыл көл бетінде жүзген қос аққуды көрдік.

**13. Сөздердің тіркесу арқылы жасалған үстеуді белгілеңіз.**

- А) Ала жаздай.
- В) Жылдам.
- С) Тезірек.
- Д) Бүгін-ертен.
- Е) Шнымен-ақ.

**14. Бейнелеуішті белгілеңіз.**

- А) Маң-маң басты.
- В) Шарт-шарт сынды.
- С) Бырт-бырт шайнайды.
- Д) Шаң-шаң болды.
- Е) Қарш-қарш шайнады.

**15. Еліктеуіш сөзді етістікті тіркеті белгілеңіз.**

- А) Жылт-жылт көрінді.
- В) Жалт қарады.
- С) Жалт-жұлт етті.
- Д) Жарқ-жұрқ етті.
- Е) Сырт-сырт соғады.

**16. Сөйлемге тән тыныс белгісін қойыңыз.**

Адамның сезімімен сезіктенбе,  
Сезімді сезіне біл, төзіп көн бе

- А) Леп белгісі.
- В) Нүктелі үтір.
- С) Нүкте.
- Д) Сұрақ және леп белгісі.
- Е) Көп нүкте.

**17. Бастауыш пен баяндауыш қай сөз табынан болғанын табыңыз.**

Қайың - күй талғамайтын ағаш.

- А) Бастауыш зат есімнен, баяндауыш тұйық етістіктен.
- В) Бастауыш сын есімнен, баяндауыш зат есімнен.
- С) Бастауыш тұйық етістіктен, баяндауыш зат есімнен.
- Д) Бастауыш та, баяндауыш тасан есімнен.
- Е) Екеуі де атау тұлғалы зат есімнен.

**18. Мезгіл бағыныңқы сабақтасты көрсетіңіз.**

- A) Сырым баланың әр сөзіне риза болып, Сары би көп өсиет айтыпты.
- B) Тоғжанның жүзі айға қарсы келгенде, Абай өзгеше бір нұрды көрді.
- C) Бақыт күлкісіндей бір рахат, ырзалық елес беріп, Абайға қалада карап езу тартты.
- D) Айдай сызылған жіп-жіңішке қастары көтеріліп-жазылып, Абайға өзгеше бір үн қатқандай болды.
- E) Адам еңбегінен қуанышын таба білсе, бойына жаңа күш қосылып, еңбекке деген шабыты арта түседі.

**19. Одағай сөзі бар сөйлемді көрсетіңіз.**

- A) - Түү, есім жаңа кірді ғой!
- B) Бәріміз де үнсіз қалыппыз.
- C) Әлбетте, ғарыш арқылы зерттейміз.
- D) Туып-өскен жер оңай дейсің бе?
- E) Рақмет, балам, жолың болсын!

**20. Сірінке, тәрелке, кәмпит сөздері қай елдікі, анықтаңыз.**

- A) Араб.
- B) Моңғол.
- C) Орыс.
- D) Парсы.
- E) Иран.

**21. Бөлек жазылатын сөздер қатарын көрсетіңіз.**

- A) Қызмет ету, қырық аяқ.
- B) Сан ет, ортан қол.
- C) Қара күрең, алып сатар.
- D) Он тоғыз, егеу құйрық.
- E) Қақ шеке, тоғыз құмалақ.

**22. Кейде түбірмен бірге жазылатын шылауды көрсетіңіз.**

- A) - ақ, - ай.
- B) да, де.
- C) үшін, дейін.
- D) туралы, жөнінде.
- E) ма, ме.

**23. Жақты сөйлемді табыңыз.**

- A) Бұлт астында жылжыған ай.
- B) Қатерліден осылый құтылар болар.
- C) Бүгін жиналысқа қатысуға тиіссіз.

D) Саған соны ғана айтқым келеді.

**24. Тыныс белгісі дұрыс қойылған төл сөзді табыңыз.**

A) Серғазы ішінен, Ғайшаға жаны ашып "Осының жақсы ат, жаман атына бекер кіріскен екем", - деп отырды

B) Серғазы ішінен Ғайшаға жаны ашып, осының жақсы ат, жаман атына бекер кіріскем екем деп отырды.

C) Серғазы ішінен Ғайшаға жаны ашып: "Осының жақсы ат, жаман атына бекер кіріскен екем", - деп отырды.

D) Серғазы ішінен Ғайшаға жаны ашып: "Осының жақсы ат, жаман атына бекер кіріскен екем" деп отырды.

E) Серғазы ішінен Ғайшаға жаны ашып, осының жақсы ат, жаман атына бекер кіріскем екем,- деп отырды.

**25. Сөйлемдегі қойылған тыныс белгіні анықтаңыз.**

Нұрғисаның шәкірттері Олжас, Нұржан, Айман мектепке келіп, өз өнерлерін көрсетті.

A) Нүкте.

B) Дефис.

C) Сызықша.

D) Қос нүкте.

E) Көп нүкте.